

"Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей" КММ

«Қамқоршылық» кеңесі отырысының

ХАТТАМАСЫ № 1

Мерзімі: 14.10.2022 жыл.

Қатысқаны: «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі, ұстаздар, ата-аналар.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Оқушыларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру (мектеп медбикесі Бақтыгерей Н.)
2. Психологиялық көмекті қажет ететін оқушылармен профилактикалық жұмыстар (мектеп -психологтары М.Мулдагазина, Р.Даирова)
3. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепшілік үйірме жұмысының ұйымдастырылу деңгейі (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары М. Конисбаева)

Тыңдалды:

Мектеп медбикесі Н. Бақтыгерей : Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп -лицейі де 2022-2023 оқу жылында оқушыларға алғашқы көмек көрсету мақсатында медициналық кабинет қажет дәрі дәрмекпен қамтамасыз етілген.

Қыркүйек айында 154 бала туберкулез ауруын анықтау үшін Манту сынамасын алды, соның ішінен 63 бала туберкулездің алдын алу мақсатында туберкулезге қарсы БЦЖ екпесін алды. 7 бала Манту нәтижесі оң болуына байланысты қалалық туберкулездік фтизиатр маманынан тексерістен өтіп анықтама әкелуін талап етілді. 37 бала белгісіз себептер және вакцинаға сенбеушілікпен ата аналар Манту сынамасын қоюға бас тартып, бас тарту қағазын беріп отыр. Қазан айында №4 қалалық емханасының кестесіне сәйкес № 361. 29.12.14 ж бұйрығы бойынша 15 жастан жоғары болған оқушыны тереңдетілген дәрігерлік тексеруден өткізу желтоқсан айында жоспарда тұр.

Әр ай сайын 15 жасқа толған оқушыларды флюораға жіберіліп отырылады. Қазан айында 6 жасқа толған 35 балдарға АБКДС және КПК екпесі жоспарланып 22 балаға жасалынды. 13 баланың ата анасы бас тартуына байланысты берілмеді. 16 жасқа толуларына байланысты 15 балаға АДС-М екпесі жоспарланып, 8 балаға жасалынып, 7 балаға ата анасы бас тартты. Оқу жылының соңына дейін әр ай сайын 16 жасқа толған балдарға АДС-М екпесін алуға 68 бала жоспарда тұр. Қыркүйек айында Манту сынамасының нәтижесі күмәнді болған 42 балаға желтоқсан айында қайталап Манту сынамасы жүргізіледі. Манту сынамасы теріс нәтиже болған балаларға туберкулездің алдын алу мақсатында БЦЖ екпесі беріледі. 2006 жылғы туылған 27 ер балалар әскери тіркеуге тереңдетілген дәрігерлік тексерістен өту үшін құжаттары жиналып жатыр.

Қаңтар және наурыз айы аралығында 350 бала Манту алуға жоспарланып тұр. 2-3-5 класс оқушыларын мектеп дәрігері Н.А.Саламатова тексерістен өткізеді. 4-6 класс оқушыларын №4 қалалық емханасының кезекті тереңдетілген дәрігерлік тексеруден өтуі жоспарда тұр. 23 бала екпеден бас тартып тұр.

Оқушыларға жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында туберкулез, желшешек, тұмау, короновирус т.б тақыраптарға диктанттар жазылып, түсініктеме жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Мектеп психологы М. Мулдагазина : Психологиялық қызметтің алдына қойған мақсаты: Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету; қатысушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуы мен әл-ауқатына ықпал

ету, өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру; тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғамда оқушылардың қалыпты әлеуметтенуіне көмек көрсету; психологиялық қызмет негізінде әр оқушыға жеке-дара қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеті

- Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
- Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
- Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Мектептің психологиялық қызметі 6-бағытта жұмыс жасады:

- Психологиялық диагностика
- Психологиялық консультация
- Психологиялық түзету-дамыту жұмыстары
- Профилактика
- Әлеуметтік-психологиялық
- Ұйымдастыру-әдістемелік бағыттары бойынша іске асырылып, оқу жылының басында жоспар құрылып, мектепшілік тізімге алу жұмыстары жүргізілді. Мұнда оқушылардың отбасы әлеуметтік – психологиялық ахуалы мен әлеуметтік сапасына мән берілді. Келесі кезекте оқушылардың педагогикалық –психологиялық жеке карталары толтырылды. Қыркүйек айында диагностикалық бағыты бойынша оқушылардың психологиялық – әлеуметтік жеке картасын дайындаудан басталды. Сұраныс бойынша жекелеген оқушылардың әлеуметтік жағдайлары зерттеліп, АКТ жасақталды.

Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы мобильді топ құрылды.

Психологиялық көмекті қажет ететін оқушылармен жасалған профилактикалық жұмыстарға тоқталайық. Профилактика бағыты бойынша қыз балалардың гигиенасы, құқықбұзушылық пен өз-өзіне қол жұмсаудың және зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Қыз бала гигиенасы және ерте жүктіліктің алдын алу», «Жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез құлықтардың алдын-алуы», Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық-бұзушылықтың алдын алу профилактикасы; «Жасөспірімдер арасындағы интернет-тәуелділік», «Кибербуллингтің алдын алу» « Буллинг пен кибербуллингке жол жоқ» тақырыптарына арналған кездесулер өткізіліп, жаднамалар таратылды.

Қалалық ПМПК шешімімен инклюзивті оқыту «Ерекше» және «Үйден оқытылатын» оқушылар есепке алынып, жеке карталары жасақталып түзету және дамыту жұмыстары жасалынды. Инклюзивті оқыту бойынша 9 оқушы, үйден тегін оқылатын 2 оқушыға психологиялық жылдық жоспар құрылып, сөйлеу және тіл дамытуға арналған, зейінге байланысты жаттығулар, «сөз тіркесін есте сақта», «менің қолымнан бәрі келеді» әдістемелері мен қол моторикасына арналған жаттығулар, арт-терапия, ертегі терапиясы жүргізілді.

Профилактикалық жұмыстың бір бағыты жеке консультация жүргізу бойынша жыл бойынша жұмыстар жүргізілді. Сенім телефоны мен сенім жәшігі туралы оқушыларға түсіндіру жұмысы жасалып, кабинет сыртына телефон номерлеріміз ілінді. Оқу жылында сенім телефоны мен сенім жәшігіне хат келіп түспеді. Класс жетекшісі, ата-ана сұранысы және оқушының жеке өзіндік сұранысы бойынша кабинетке шақырылып, жеке сұхбат жүргізілді. Хаттамасы электронды журналға енгізілді.


Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Конисбаева : Оқу жылының басында класс жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспары бекітілді. Сонымен қатар, әр кластың класс сағаттарының кестесі әзірленіп, бекітілген болатын. Бекітілген жоспарға сай наурыз айының басында класс сағаттарының берілу деңгейі бақыланды. Бақылау мақсаты: класс сағатының өткізілу деңгейі мен тәрбиелік мәнін анықтау болып табылады. Бақылау барысында класс жетекшілердің класс сағаттарына, олардың тақырыптарының оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, тақырыптың тәрбиелік мәні, көрнекіліктері қаралды. 1-4 кластар бойынша тәрбие сағаттары қызықты ұйымдастыратыны байқалды. Класс жетекшілер тәрбие сағатына көрнекіліктерді эстетикалық талаптарға сай жасаған. 5-11 кластар бойынша

көрнекіліктер қолдануды қажет етеді. 10-11 класс жетекшілері презентация түрінде көрнекіліктер қолданды. Класс жетекшілердің кластан тыс шараларды ұйымдастыру деңгейі бақыланды. Таңдалған тақырып, тәрбиелік мәні қаралды. Оқушылардан класс сағаттарының бақшалықты уақытылы өтетіндігі туралы ауызша сұралып өтті. Жалпы барлық кластарда тәрбие сағаттарының берілу деңгейі қанағаттанарлық. Әр класс оқушыларының сабақтан тыс уақыттарының ұйымдастырылуы бойынша мектеп оқушыларының көбі мектепшілік үйірмелер мен спорт секцияларына баратындығы анықталды. Мектептен тыс мекемелерге 199 оқушы барады. Олардың бәрінің анықтамалары бар. Сонымен қатар, әр демалыс (күзгі, қысқы, көктемгі) кезінде оқушылармен жұмыс жоспары құрылады. Жоспарға сай шараларды жүзеге асыруда класс жетекшілердің ролі ерекше. Демалыс кезіндегі шараларды үнемі уақытында орындап отыратын класс жетекшілер: 2 «А» Қыстаубаева Д.М., 9 «Д» Абдіқалықова С.С., 8 «В» Әбілдаева Ә., 5 «В» Қойшығұлова., 7 «Б» Калыкова А., 1 «Ә» Байгожина Г., 6 «Ә» Дағарова А. Демалыс кезінде оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында класс оқушыларымен бірге «Әлия», «Өлкетану» мұражайларына саяхат жасаған класс жетекшілер: 7 «А» Дәулетов А., 7 «Ә» Мұлдағазина М., 8 «И» Нургалиева Г.

Шешім:

1. Оқушыларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жұмысы "қанағаттарлық" деп танылсын.
2. Оқушылармен өткізілген психологиялық жұмыс "қанағаттанарлық" деп бағалансын.
3. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепшілік үйірме жұмысы жандандырылсын.

«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:



Т. Табылғанов

Хатшы:



Ә.Әбілдаева